

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2022 ж. 15 маусымда жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрі  
Ә.А. Смайыловқа

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Әлихан Асханұлы!

**Футбол** – бүгінде тек жай ойын емес. Ол – алып индустрия, миллиондарды біріктірген идея, идеология. Оны ауылдағы баладан қаладағы қартқа дейін тамашалайды, сүйсінеді. УЕФА Ұлттар лигасы турнирінің ойындарында бірнеше маңызды жеңіске жеткен командамыз жанкүйерлерімізге, барша қазақстандықтарға үлкен қуаныш, жеңіс сыйлады. Бұрындары мұндай сәттерді сирек көрген жанкүйерлер футболшыларды бүгінде жан-жақты қолдап жатыр.

Бұл жеңістердің легі Қазақстанда намысшыл спортшылардың бар екенін айқын көрсетті. Еуропалық ірі спорт додасында хас шеберлермен иық тіресіп ойнай білген футболшылар халықтың жеңіске деген сенімін күшейтті. Мықты қарсыласты жеңу керек деген мақсат түгілі, сенімі болмаған ұлттық құрама қайта жаңғырды, жаңаша түледі.

Кеше ғана көк туға оранған стадиондағы **30 мың жанкүйер** мен теледидарға телмірген **19 миллион жанашырдың** көңіл-күйін сезіне беріңіз! Қарсыластың қақпасында тулап жатқан допты, стадиондағы шулап жатқан жұртты көргенде Қазақ елінің қандай аламанда болмасын жеңіс дәстүрі бар ел екені расталды.

Оған себеп, ұлттық құрамадағы **футболшылардың 100 пайызы** отандық футбол мектептерінің шәкірті. Яғни, легионерсіз, ұзақ та болса жүйелі жұмыстың арқасында тұрақты жеңістерге жетуге болады. Мұны – Қазақстанның жаңа құрама командасы дәлелдеді. Отандық спортты, тек өз еліміздің тума таланттары көгертетініне көз жеткіздік. Жаңа Қазақстанда талантты сырттан емес, іштен іздейтін кез келді.

Дегенмен, еліміздің **Премьер лигасында** ойын көрсететіндердің **50 пайыздан** астамы легионерлер болғандықтан, қазақстандық жас ойыншылар

алаңға 5 минутқа да шыға алмайтын кездері жетерлік. Еліміздің футбол клубтары отаншыл болудан гөрі, қысқа мерзімді нәтижеге, келешегі жоқ жеңіске екпін қоятыны қынжылтады. Тәжірибемен алмасуда қажет шығар, бірақ өз баламыздың сағын сындырып, бәйгеге қоспаудың залалы терең болатыны сөзсіз.

Айтар ұсынысымыз Ұлттық құраманың жасағанынан еліміздің футбол клубтары сабақ алса деймін. Өйткені, бұл жеңістің артында намыс, отаншылдықтың тұрғаны хақ. Қазақстан өзінің жаңа даму кезеңінде тұрғанда, футболшылардың мұндай ірі жеңістерге жетуі – елдің көңілін серпілтті, рухты оятты. **Үлкен іске ортақтасу мәдениетін қалыптастырды.**

Ендеше бұл ұстаным біз құрып жатқан жаңа қоғамның да негізіне айналуы шарт! Ұлттық жеңіс барлығына ортақ. Бұл принципті футболдың шын жанкүйерлері жақсы біледі.

**Құрметпен, «AMANAT» партиясы  
Фракциясының мүшелері**

**Е. Бейсенбаев  
Ә. Әбсеметова  
Ж. Әшімжанов  
А. Құспан**

*Орын. Маликов Б.  
74-64-06*